



JET KID
FRIEND ҚОЛ
SMART-БІЛЕЗІГІ

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



4785038

Біздің өнімді сатып алғаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз. Сіз JET Kid Friend смарт-білезігінің иегері атандыңыз. Пайдалануды бастар алдында пайдаланушы нұсқаулығымен танысып шығуыңызды сұраймыз.



Техникалық қолдау көрсету телефоны:

8 (495) 005-87-67 8 (800) 775-87-67



Электронды пошта бойынша техникалық қолдау көрсету:

support@jetdevice.com

1. Құрылғының негізгі функциялары

- LBS/GPS геолокациясы
- SOS батырмасы
- Сенімді нөмірлер
- Геоаймақтар жасау және бақылау
- Дауыстық және мәтіндік хабарламаларды құрылғыға жіберу
- Дауыстық хабарламаларды құрылғыдан қосымшаға жіберу
- Батареяның заряды таусылғандығын еске салу
- Қадам өлшегіш
- Оятқыш
- Қалта шамы

2. Құрылғы сипаттамасы

1. Уақыты мен күні GSM сигналдарын қабылдау индикаторы, аккумулятор зарядының деңгейі
2. Құрылғыны зарядтауға арналған USB-порт
3. «Артқа» батырмасы
4. Шақыруға жауап беру батырмасы
5. Қалта шамы
6. SOS, Қос./Сөнд. батырмасы



3. Жұмыстың басталуы

3.1. micro-SIM-картаны орнату

Құрылғыда micro-SIM пішімінің SIM-картасы қолданылады.

Геолокация және байланыс функцияларын пайдалану үшін мобильді интернет қосылған SIM-картаны (GPRS қызметі) пайдалану қажет.

Құрылғының өшірулі екендігіне көз жеткізіңіз. Сағаттың артқы қақпағын ашып, SIM картасын SIM слотының бітеуішіндегі суретке сәйкес сағат корпусындағы арнайы слотқа салыңыз.

МАҢЫЗДЫ:

- сағат пинкоды бар Sim-карталарды танымайды. Пинкодпен Sim-картаны орнату кезінде сағаттарда “SIM-карта жоқ” деген хабарлама көрсетіледі
- бірінші рет қолданар алдында SIM-картадағы PIN-кодты сұрату ажыратылып, Интернетке кіру іске қосылып, ақысы алдын ала төленуі тиіс.
- ұялы байланыс операторы 2G (GPRS) стандартын қолдауы тиіс.
- планшеттік ДК немесе USB-модемдеріне арналған арнайы тарифтері бар SIM-картаны пайдалануға болмайды.

4. Мобильді қосымша

4.1. Құпиясөзді орнату, тіркеу, қалпына келтіру, сағаттарды қосымшамен байланыстыру.

4.1.1. My JetKid қосымшасын App Store немесе Google Play-ден іздеп, орнатып алыңыз.

4.1.2. Қосымшада тіркеуден өтіңіз немесе тіркеусіз жұмыс істеуді жалғастырыңыз. Тіркеусіз жұмысты жалғастырған жағдайда, қосымшаны қайта орнатқан кезде барлық деректер жойылады. Тіркелу үшін атын, электрондық пошта мекенжайын және телефонын көрсету қажет.

4.1.3. Тіркеуден өткеннен кейін және сағатты байланыстырғаннан кейін логинді (сіздің e-mail) және құпиясөзді қайта енгізу талап етілмейді, деректер смартфонның жадында сақталады. Қосымшаға басқа смартфонда кіру үшін тіркеу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайы мен құпиясөзді пайдаланыңыз.

4.1.4. Тіркелгеннен кейін сағаттарыңызды қосымшаға қосыңыз. Смартфонмен сағатты байланыстырған кезде сағаттың атауын IMEI көрсету керек. IMEI құрылғының артқы қақпағында және қаптамада орналасқан. Егер бірнеше сағатты қосу қажет болса, «Құрылғылар» қойындысына өтіп, жоғарғы оң жақ бұрышта «+» батырмасын басып, рәсімді қайталаңыз. Сағатты байланыстыру үшін сағаттың IMEI қолмен енгізуге немесе оң жақтағы «Құрылғының ID» жолында орналасқан тиісті батырманы басу арқылы QR-кодын сканерлеуге болады.

4.1.5. Құпиясөзді қалпына келтіру үшін қосымшадағы авторизациялану экранында «Құпиясөзді ұмыттыңыз ба?» мәзірін қолданыңыз. Қосымшада тіркелген кезде көрсетілген электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз. Сіз көрсеткен электрондық пошта мекенжайына құпиясөзді арылтуға үшін сілтемесі бар хат келеді.

4.2. Сағаттың орналасқан жерін анықтау функциясы Құрылғының ағымдағы орналасқан жерін картада көрсету үшін «Карта» қосымша бетін таңдау керек. Мәзір қосымшаның негізгі экранында орналасқан және авторизациядан кейін қол жетімді. Ашылған картада сағаттың ағымдағы орналасқан жері көрсетіледі. Ақпаратта келесі көрсетіледі:

- Құрылғы атауы
- Ағымдағы мекенжайы
- Геолокацияны анықтау уақыты
- Геолокацияны анықтау әдісі
- Батарея заряды
- Әрекеттер мәзірі (геолокацияны жаңарту, сағатқа қоңырау шалу, кері қоңырау шалу және т.б.)

Сіз құрылғыда байланысқан құрылғылар арасында ауысып-қосыла аласыз. Ол үшін бір сағаты бар белсенді терезені екіншісіне шетке парақтаңыз (бетті парақтау сияқты).

4.3. Геолокация

Сағаттардың техникалық сипаттамаларында геолокация дәлдігінің ең жақсы көрсеткіштері көрсетілген. Ашық кеңістікте болған кезде орналасқан жерді анықтау дәлдігі GPS сигналының бар-жоқтығына байланысты болады. Егер GPS сигналы қабылданбаса, онда геолокация ұялы байланыс желілерінің базалық станциялары бойынша анықталады. Ұялы байланыс сигналдары бойынша анықтау кезінде дәлдік базалық станцияларды орнату тығыздығына байланысты болады. Станциялардың ең үлкен тығыздығы - қала орталықтарында. Мұндай жерлердегі дәлдік 200-ден 500 метрге дейін болады. Тығыздықтың төмендеуімен және қабылдау жағдайының нашарлауымен дәлдік төмендейді. Қала шеттерінде ол 1500-2000 метрді құрайды.

4.4. Хабарламалар

Сіз сағатқа дауыстық және мәтіндік хабарламалар жібере аласыз. Ол үшін мәзір жолында «Хабарламалар» бетбелгісін таңдаңыз. Дауыстық хабарлама жіберу үшін «Микрофон» батырмасын басып, ұстап тұрыңыз, мәтіндік хабарлама үшін - пернетақтаны пайдаланып хабарламаны енгізіңіз. Сіздің хабарламаңыз сағатқа келіп түседі, бұл ретте сағатта тиісті хабарлама пайда болады.

4.5. Баптаулар

4.5.1. Қауіпсіз аймақтар. Сіз геоаймақтарды (үй, мектеп және т.б.) орната аласыз, олардан шыққан кезде Сіз хабарлама алатын боласыз.

4.5.2. SOS нөмірлер (үш нөмір). SOS нөмірлер - бұл сағаттағы SOS батырмасын басқан кезде қоңырау шалынатын телефон нөмірлері.

4.5.3. Телефон кітабы - сағаттан қоңырау шалуға болатын және сағатқа қоңырауларды қабылдауға болатын телефон нөмірлерінің тізімі.

4.5.4. Геолокацияны жаңарту режимі. Геолокация деректерін жіберу жиілігін таңдау. Геолокация деректерін жіберу жиілігі құрылғының аккумулятордан жұмыс істеу ұзақтығына әсер етеді. Сағат геокацияны неғұрлым жиі жіберсе, сағат соғұрлым жылдам қуатсызданады. Ұсынылатын жаңарту жиілігі - 30 минутта 1 рет.

4.5.5. Тілі, күні мен уақыты. Сағаттың уақыт белдеуі мен интерфейсінің тілін таңдау.

5. Пайдалану ережелері

- Сағаттың жеткізу жиынтығына кіретін түпнұсқалық USB-кабелін ғана пайдаланыңыз.

- Құрылғыны пайдалану және сақтаудың температуралық шарттарын ұстаныңыз.

- Сұйықтықтың құрылғы корпусының ішіне енуіне жол бермеңіз.

- JET KID FRIEND смарт-білезігін бірінші рет қолданар алдында, аккумуляторды толығымен зарядтаңыз.

- Құрылғыны зарядтау үшін кернеуі 5 вольттан (5V) аспайтын қуат адаптерін пайдаланыңыз.

Арнайы сақтау, тасымалдау және сатып өткізу шарттары қарастырылмаған.

5. Техникалық паспорт

Құрылғының атауы:
Қол смарт-білезігі

Үлгісі:
Jet Kid Friend

Өлшемдер:
39*53*15 мм

Жады:
RAM 128Mb + ROM 64Mb

Материалдар:
ABS-пластик, силикон, металл

Байланыс стандарттары:
GSM 850/900/1800/1900:

Геолокация:
GPS/A-GPS/ГЛОНАСС/LBS(BTS)

GPS жайғастыру дәлділігі:
Спутник сигналын қабылдау шарттарына байланысты 5м-ден 15м-ге дейін

Чипсет:
MTK2503

GPS жайғастыру дәлділігі:
200-ден 2000 метрге дейін (қабылдау шарттарына байланысты).

SIM-карта түрі:
micro-SIM

Аккумулятор сыйымдылығы:
400 мА*сағ.

Жұмыс температураларының ауқымы, °C +20-ден бастап
+40 °C дейін

Экран 1,44", түрлі түсті, сенсорлы

Аудио: Кіріктірілген микрофон және қуаттылығы 0,5Вт
динамик.

Бағдарламалық жасақтамасы: IOS 8.0 және одан
жоғары, Android 5.2 және одан жоғары ОЖ

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

JET

Сатылған күнінен бастап кепілді қызмет
көрсету мерзімі — 12 ай.

Үлгісі:

JET KID FRIEND қол смарт-білезігі

Сатылған
күні:

--	--	--

Сатып алушы:

*Кепілдік шарттарымен таныстым.
Жиынтықталымына және сыртқы
түріне наразылығым жоқ.*

Сатушының
қолы:

Мөрге арналған орын.

Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін өзіне жүктемейді:

- Кепілдік талонының немесе кепілдік мерзімінің жарамдылығын растайтын құжаттың болмауы. Кепілдік талонында сату күні, Сатушы ұйымының атауы туралы белгінің болмауы.

Кепілдік талонында көрсетілген үлгі кепілдік қызмет көрсетуге ұсынылған үлгіге сәйкес келмейді.

- Бұйымның жұмысындағы іркілістер пайдалану ережелерін бұзудың салдары болып табылады.
- Бөгде араласудың және/немесе механикалық зақымданудың, рұқсат етілмеген жөндеудің іздері бар.
- Ақаулық келесі себептерден пайда болды:
 - a) Бұйымның құлауы немесе кез келген басқа механикалық зақымдану нәтижесінде;
 - b) Бұйымға бөгде заттардың құлауы;
 - c) Бұйымға химиялық заттардың, шаңның, кірдің, сұйықтықтың және т. б. түсуі.

Импорттаушы: РФ импорттаушы/тұтынушылардан
шағым қабылдауға уәкілетті ұйым: «Эй энд Ди Ди
Компани» ЖШҚ. Мекенжайы: Ресей, 10929, Мәскеу,
Михайловский өтпесі, 3 үй, 66 құр., 2-қабат, 2-үй-жай,
12-бөлме.
Қытайда жасалған.

Өндіруші: Гонконг Дротекс Интернешнл Лимитед.
Мекенжайы: 502-бөлме, Эр ион Коммерциялық
Орталығы, 2-12 Квинз Роуд Вест, Сёнвань, Гонконг.
Өндіруші-зауыт: Шэньчжэнь Инделл Индастриал Ко.,
ЛТД. Мекенжайы: 6/Ф, 3-ғимарат, Хедонг Ханченг
Индастриал Аймақ, Ксиянг, Баоан Дистрикт, Шэнчжэнь,
Қытай.

Қолдану мерзімі: 5 жыл.

Жарамдылық мерзімі шектелмеген.

Шығарылған күні: қаптамадан қараңыз.

Сервистік орталықтарының тізімі www.jetdevice.com
сайтында орналасқан

TM JET ресми сайты:
www.jetdevice.com

EAC



MY JETSPORT ТЕГІН ҚОСЫМШАСЫ



JET KID FRIEND құрылғысының барлық функцияларын басқару үшін App Store, Google Play немесе AppGallery-ден My JetKid ресми қосымшасын жүктеп алу керек.

App Store - Apple Inc. компаниясының қызмет көрсету белгісі болып табылады. Google Play - Google компаниясының қызмет көрсету белгісі болып табылады. AppGallery - Huawei Technologies Co. Ltd компаниясының қызмет көрсету белгісі болып табылады.

